

УДК 347.78.034

## ЖАЗБАША АУДАРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІСІ

**Оразгалиева Камила Кайратовна**

[orazgaliyeva.kk@gmail.com](mailto:orazgaliyeva.kk@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма Теориясы мен Практикасы» кафедрасы, Ғылыми–Педагогикалық бағыттағы «Цифрлік аударма» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Қызырова Ә.М.

Қазіргі адамзат эволюциясының ерте кезеңдерінде қоғамның қажеттіліктері аңшылық және термешілік шаруашылығынан тыс дами бастаған соң, жаңа қажеттіліктер пайда болды. Бұл қажеттіліктер қоғамның бірнеше мүшелерімен-ақ жақсы орындалды - элиталық жазушылар классы. Жазушылар арнайы жазу мектептерінде таңба үйреніп, ресми және діни жазба туралы білім алатын.

Кейінірек адамзат тарихында әртүрлі қоғамдық функцияларды атқаратын тағы бір элиталық класс пайда болды. Енді олар пьеса, сценарий мен романдар арқылы көңіл көтеру; шешендер, үкімет немесе діни жетекшілердің сөздерінің жазбаша риторикасы арқылы сендіру; сонымен қатар, азаматтарды философиялық түсінік мен пікірталасқа тарту қызметтерін атқара бастады.

Қазіргі заманғы баспа білдегінің (машинасының) өнертабысы кәсіби жазушылардың классының кеңеюіне ықпал етті. Тегін мемлекеттік білім берудің пайда болуы мен таралуы бірсыпыра кәсіби жазушылардың аудиториясын құруға ықпал етті.

Жақында қоғамның қажеттіліктері қайтадан өзгерді. Бұл қажеттіліктер қазіргі ақпараттық заманға сәйкес жұмыс әлеміне сай болу үшін тиісті жазу дағдыларын (сонымен қатар оқу дағдыларын) мықты игерген, кеңейіп жатқан технологиялық құралдарды қолдана алатын, әмбебап жазушыларға деген сұранысты арттырды. Осылайша, жиырма бірінші ғасырдың басында мектептерге қойылатын білім талаптары үлкен болды: оқушыларға компьютерлер мен басқа да техникалық құралдарды, сондай-ақ қағаз қаламдар мен қарындаштар сияқты қарапайым құралдарды қолдана отырып, өз және басқа адамдардың хаттарын жазуға (және оқуға) үйрету.

Нәтижесінде, біздің азаматтарымыз жазбаша аудармамен танысып, қазіргі уақытқа дейін осы саланы әлі де дамытып жатыр.

Жазбаша белгілерді қолданатын үңгір тұрғындарынан бастап элиталық хатшыларға, элиталық хатшылардан кәсіби жазушылар классына, элиталық класстан әмбебап жазушыларға дейінгі эволюцияның негізінде жатқан ортақ бағыт – бұл адамның ойындағы идеялар мен ойларды жазбаша белгілер мен хабарламаларға аудару және сол идеяларды жазбаша тілде білдіру қабілеті.

Аударма ұзақ уақыт бойы жазудың танымдық (когнитивтік) процесстердің ішінде қосалқы түрлерінің бірі болып саналғанымен, осы жұмыста біз аударманы негізгі танымдық жазу процессі ретінде қарастыруды ұсынамыз.

Хейс пен Флауердың 1980 жылғы үлгісінде төрт танымдық процесстері — жоспарлау, аудару, талдау және қайта қарау — мидың жоғары деңгейдегі атқарушы функциялары ретінде қарастырылады. Олар көптеген психикалық процесстер арасындағы байланысты жүйелейді. Бұл процесстердің ішінде әртүрлі ми жүйелері тек жазуға ғана емес, сонымен қатар көптеген басқа функцияларды да қамтиды (Бернингер мен Ричардс, 2002). Яғни, аударманы барабар және кепілді іске асыру үшін: аударманың мазмұнын немесе әдістерін жоспарлау; осы уақытқа дейін жазылған мәтінді талдау; және аудармада қателер анықталған кезде, қайта аудару арқылы сол қателіктерді жою керек.

Дегенмен, кейде жазу жоспарлау процесстеріне сүйенбеуі немесе мәтінді талдау және қайта қарау процесстеріне негізделмеуі мүмкін (мысалы, аудиторияға ақпарат жетпеуі). Жоспарланғанына, талдағанына немесе қайта қаралғанына қарамастан, жазу әрқашанда аударманы/өзгертілімді қажет етеді (бір немесе бірнеше танымдық көріністерді жазбаша тілге айналдыру).

1960 жылдардан бастап когнитивтік ғылым пайда болғаннан кейін көп ұзамай жазбаша және ауызша аудармашылардың санасында не болып жатқанын зерттеуге деген қызығушылық біртіндеп қалыптаса бастады. Аудармашылардың танымын зерттеуге деген қызығушылық қазіргі *когнитивтік аударма зерттеулерінен* басталды. Бұл – бірнеше тіл қолдана алатын адамдардың қарым-қатынас жасау, қабылдау және өзара әрекеттесудің танымдық аспектілерін зерттеуге арналған зерттеу саласы (Halverson & Munoz, 2020; Munoz & Martin, 2020). Сондай-ақ, "*Жазбаша және Ауызша Аударманың Танымдық (Когнитивтік) Зерттеу Саласы*" терминін қолдана аламыз. Себебі, бұл белгілер бір-біріне көбінесе синонимдес болып келеді.

Когнитивтік аударма зерттеу саласының теорияшылары мен практиктердің айтуы бойынша КАЗС термині әлі де көптеген мәселені қамтиды. Мысалы, пост-редакциялау, транскрипциялау, субтитрлер және дыбыстық сипаттама жасау; - Яғни, КАЗС терминінде аударма сөзін гипероним ретінде қолдануға да болады.

ЖААТЗС жақтаушылары ауызша аударма саласындағы зерттеулер орыңқты және айқын танымдық (когнитивтік) дәстүрге ие, сондай-ақ, әлеуметтік ғылымдарда ауызша аударма ауызша аударма мен жазбаша аударманың да мәселелерінің көпшілігін немесе барлығын қамтиды деп санайды. ЖААТЗС теоретиктерінің пікірінше, жазбаша аударманың көптеген зерттеушілері өздерінің жан-жақтылығы туралы ұмытып кетеді – Олар тек жазбаша аспектілер мен құбылыстарға назар аударады деп сенеді.

Екі жақтың да пікірі дұрыс. Алайда, қазіргі уақытта, көбінесе үнемдеу тұрғысынан, ЖААТЗС қарағанда КАЗС артықшылыққа ие. Өркениетімізде аудиовизуалды байланыстың дамуына байланысты, қоршаған ортамыз көбінен ауызша бола түсуде. Ал ЖААТЗС – ауызша, жазбаша және ымдау тілдер

ін біріктіретін сала деп қарастырамыз.

Аударманың когнитивтік аспектілерін қарастырғанда алдымызда келесі мәселелер туады:

Идея дегеніміз не?

Ойлау деген не?

Тілде танымның қандай формалары бар?

Танымның синтаксистік сөйлемшесі танымның синтаксистік емес сөйлемшесінен қалай ерекшеленеді (мысалы, идиома, поэзия және өнер, т.б.)?

Тіл деңгейіне байланысты таным қалай аударылады?

Қай механизмдердің көмегімен саналы жұмыс жады түпсанада жатқан мағұлматқа жетіп, оларды жазбаша тілде саналы сөйлемшеге аудара алады?

Көптеген механизмдерді анықтау үшін *бейсаналық немесе жасырын жадтың* рөлін баса айтуға болады: аударма барысында автордың міндеті - танымдық өріске қол жеткізу.

*Бейсаналық дегеніміз* – саналы санадан тыс пайда болатын, саналы адамның санасы оңай жете алмайтын менталды түсінігі. *Ал жасырын жад дегеніміз* - бұрын іске қосылған және ұзақ мерзімді жадта тұрақты сақтау үшін біріктірілген түсініктерді айтамыз. Олар нақты уақыттағы сана-сезімге автоматты түрде іске қосылу немесе үлес қажет ететін іздеу стратегиялары арқылы қол жетімді болуы мүмкін. Бейсаналық және жасырын жад міндетті түрде бірін-бірі жоққа шығармайды.

Кейде санаға жету процесі арыны қатты сарқырамадан немесе тыныш бассейннен немесе желді нөсерден ағынға ұқсас болуы мүмкін. Басқа жағдайларда аударма процесіне (а) алдын ала жоспарлау, (ә) онлайн-өзін-өзі реттеу немесе (б) қайта қарау немесе қайта аудару процесі арқылы стратегиялық тіртіп қолданылуы мүмкін. Шынында да, қайта қарау көбінесе аудиторияның қажеттіліктерін немесе автордың мақсаттарын жақсырақ қанағаттандыру үшін жоспарлар мен стратегиялар арқылы идеялардың көрінісін жақсартады.

Аударманың мәнін танып білудің қажетті шарты оның психологиялық негізін анықтау болып табылады. Аудармашының іс-әрекетін психоллингвистика тұрғысынан қарастыру – аударма процесінің заңдылықтарын түсіну және болашақ мамандарды даярлау үшін өте маңызды.

Аударманың психоллингвистикалық аспектілерін бөліп көрсету үшін психоллингвистика мен аударма теориясының байланысын көру керек. С. Н. Сыроваткин айтуынша “аударма бір жағынан – психологиялық процесс”. Оның үш кезеңі психологиялық сипатқа ие: бастапқы мәтінді түсіну, бастапқы тілдің формаларынан "ойлау" және аударма тілінің формаларын таңдау.

Аударма процесі екі кезеңнен тұрады:

шет тілінен ішкі кодқа аудару;

ішкі кодтан аударма тіліне аудару.

Аударманың психоллингвистикалық моделі аударма процесін сөйлеу әрекет түрі ретінде түсінуге толық сәйкес келеді. Өкінішке орай, бұл модель ішкі бағдарламада қандай мазмұн элементтері сақталатынын және аударма мәтнінде осындай бағдарламаны жүзеге асырудың мүмкін жолдардың біреуін қалай таңдауға болатындығын түсіндіре алмайды. Аударманың психоллингвистикалық моделін одан әрі нақтылау аударма теориясының маңызды міндеті болып табылады.

Осылайша, психоллингвистика мен аударма теориясы ортақ байланысқа ие. Психоллингвистиканың объектісі – сөйлеу әрекеті, ал аударма теориясының объектісі – сөйлеу әрекетінің ерекше түрі – аударма. Демек, бұл пәндердің міндеттері көп жағынан сәйкес келеді. Аударма теориясында психоллингвистика саласының белгілері толығымен қолданылады: сөйлеу сөзін қалыптастыру және қабылдау механизмдері, сөйлеу әрекетінің құрылымы мен тілдік қабілет модельдері.

А. А. Леонтьевтің сөйлеу моделі өте егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Бұл модельді аудармашының жаңа мәтінді қабылдау және құру процесін түсіндіру үшін қолдануға болады. Модель өзара байланысты 5 кезеңді қамтиды:

мотивтің пайда болуы;  
ой кезеңі (алғаш рет болашақ сөйлеу сөзінің тақырыбы мен ремасы);  
ішкі бағдарламалау: субъективті код бірліктерімен жұмыс істейтін семантикалық схеманы құру процесі;

лексика-грамматикалық өрістету: құрастырылған мағыналық бағдарламаны субъективті (жеке) кодтан объективті (жалпы қолданылатын) тілдік кодқа аудару;

Сыртқы сөйлеу.

Осы бөлімде біз тек жазбаша аударманы талқылаймыз. Ол бірқатар белгілермен ауызша аудармадан ерекшеленеді: қатаң уақыт шеңберінің болмауы, түпнұсқаның бүкіл мәтінінің болуы, коммуниканттармен тікелей немесе кері байланыстың болмауы.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Cozmaa M., Dejica-Cartis D. Translation of Thought to Written Text While Composing // *Procedia - Social and Behavioral Sciences* // Volume 84, 9 July 2013, Pages 895-899
2. Xiao K., Muñoz R. Cognitive Translation Studies: Models and methods at the cutting edge // *Linguistica Antverpiensia, New Series: Themes in Translation Studies*, 19, 2020, Pages 1–24
3. Есенкулова А. Аударманың түрлері // Том 32 № 2 (2012): Вестник КазНУ. Серия журналистики
4. Ермагамбетова А.С., Дәулетқұл Ә. Когнитивті Лингвистика - Тіл Білімінің Жаңа Бағыты. Тіл Мен Ойлаудың/Сананың Байланысы // Том 2 № 3 (2019): Центрально-Азиатский Журнал Переводоведения
5. Большунова Н.Я., Дьячков А.В. Индивидуально-Психологические Особенности Перевода Как Составляющие Языковых Способностей // Вестник РУДН. Серия: Психология и педагогика, 2017 Vol. 14 No 2 155—166